

Орал қаласы

5 сәуір 2024 жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Педагог бейнесі және педагогтардың әлеуметтік желідегі, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары»

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби имиджін қалыптастыру, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбет мәдениетін жетілдіру, әлеуметтік желілер мен қоғамдық орындарда педагогикалық әдеп нормаларын сақтау талаптарын түсіндіру және педагог мәртебесін арттыру.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, тәрбиешілер мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Педагог бейнесі. Педагог мамандардың кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
2. Педагогтардың әлеуметтік желідегі және қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша

Сөйледі: балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т.

Педагог бейнесі және кәсіби қызметтегі сыртқы келбеттің маңыздылығы туралы баяндама жасады. Педагогтің сыртқы келбеті оның кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі екендігі атап өтілді. Ұқыптылық, жинақылық, іскерлік стильді сақтау және қызметтік этика талаптарына сәйкес киіну мәселелері қарастырылды.

Педагогтің сөйлеу мәдениеті, өзін-өзі ұстауы, қарым-қатынас әдебі мен кәсіби мінез-құлқы білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға ықпал ететіні айтылды.

Екінші мәселе бойынша

Сөйледі: тәрбиеші Маратова Ж.А.

Педагогтердің әлеуметтік желідегі және қоғамдық орындардағы этикалық талаптары туралы баяндама жасады. Педагогтің қоғамдық ортадағы мінез-құлқы мен әлеуметтік желілердегі белсенділігі кәсіби беделіне әсер ететіні түсіндірілді.

Әлеуметтік желілерде қызметтік этикаға қайшы келетін ақпараттарды жарияламау, әдепті қарым-қатынас жасау, заң талаптарын сақтау және педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болу қажеттігі айтылды.

Қоғамдық орындарда педагогтің мәдениеттілігі, жауапкершілігі және кәсіби әдебін сақтауының маңызы талқыланды.

Шешім:

1. Педагог қызметкерлер кәсіби міндеттерін орындау барысында сыртқы келбет мәдениетін сақтасын.
2. Педагогтердің сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас әдебі үнемі жетілдірілсін.
3. Әлеуметтік желілерді пайдалану барысында педагогикалық әдеп қағидалары қатаң сақталсын.
4. Қоғамдық орындарда педагог мәртебесіне сай мінез-құлық пен мәдениет нормалары сақталсын.
5. Педагогтердің кәсіби имиджін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
6. Педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын орындау тұрақты бақылауға алынсын.



Базаралиева Б.Т.
Маратова Ж.А.

Орал қаласы

20 желтоқсан 2023 жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Мақсаты: Педагог қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру, олардың кәсіби құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормаларды сақтау талаптарын нақтылау және педагогикалық ұжымның кәсіби мәдениетін жетілдіру.

Қатысқандар :

Балабақша меңгерушісі, тәрбиешілер, мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Педагогтардың құқықтары.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша

Сөйледі: балабақша тәрбиеші Ж.Маратова

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес педагогтардың құқықтары туралы баяндама жасады. Педагогтердің кәсіби қызметін жүзеге асырудағы құқықтары, шығармашылық еркіндігі, кәсіби біліктілігін арттыру мүмкіндіктері, еңбек жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктері туралы кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар педагогтердің кәсіби абыройы мен қадір-қасиетін қорғау, білім беру процесіне қатысты шешімдерді талқылауға қатысу құқықтары жөнінде айтылды. Педагог қызметкерлердің өз құқықтарын білуі және заң аясында қорғай алуы кәсіби қызметтің маңызды бөлігі екендігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша

Сөйледі: балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т.

Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары туралы баяндама жасады. Педагогтің қоғамдағы мәртебесіне сәйкес кәсіби әдеп қағидаларын сақтау қажеттілігі түсіндірілді.

Педагогтердің ата-аналармен, әріптестермен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынасындағы мәдениеттілік, сыпайылық, жауапкершілік, төзімділік қағидаларына тоқталды. Әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындарда және қызметтік міндеттерді орындау барысында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау қажеттілігі атап өтілді. Кәсіби беделді сақтау, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру және педагогикалық этика талаптарын орындаудың маңыздылығы туралы айтылды.

Шешімі:

1. Педагог қызметкерлер Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында көрсетілген құқықтары мен міндеттерін басшылыққа алсын.
2. Педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Педагогикалық әдеп кодексінің талаптары қатаң сақталсын.
4. Қоғамдық орындарда, әлеуметтік желілерде және қызмет барысында педагогикалық этика нормаларын сақтау әр педагогтің міндеті ретінде қарастырылсын.
5. Ұжымда өзара сыйластық пен кәсіби мәдениетті қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.
6. Осы мәселе бойынша түсіндіру және ақпараттық жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылсын.



Базаралиева Б.Т.

Маратова Ж.А.

2023-2024 оқу жылындағы ЖШС «Ескендир 07»
Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы

Орал қаласы

28 тамыз 2023жыл

Өткізу түрі: Дәстүрлі педагогикалық кеңес

Максаты: Балабақша қызметкерлерін Әдеп кодексімен таныстыру, педагогикалық әдеп нормаларын түсіндіру, сөйлеу мәдениетін жетілдіру және педагогтардың кәсіби қарым-қатынас мәдениетін арттыру.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, тәрбиешілер, мүшелері

Күн тәртібі

1. Балабақша қызметкерлерін Әдеп кодексімен таныстыру туралы балабақша бұйрығымен танысу.
2. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Базаралиева Б.Т. педагог қызметкерлерді Әдеп кодексімен таныстыру туралы бұйрықпен таныстырды.

Бұйрықтың негізгі талаптары, педагогтардың қызметтік әдеп нормалары және ішкі тәртіп ережелері түсіндірілді.

Қызметкерлерге кәсіби этиканы сақтау, ата-аналармен және балалармен қарым-қатынаста мәдениетті болу қажеттілігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті туралы тәрбиеші Ж.Маратова баяндама жасады.

Педагогтың сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас этикасы, балалармен жұмыс кезіндегі тіл тазалығы және кәсіби әдептің маңыздылығы түсіндірілді.

Тәрбиешілер өз тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасты.

Шешімі:

1. Балабақша қызметкерлері Әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтасын.
2. Педагогтар балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста мәдениетті сөйлеу нормаларын ұстансын.
3. Педагогикалық әдеп пен сөйлеу мәдениетін арттыру мақсатында тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Әдеп нормаларын бұзуға жол берілмесін.



(Handwritten signature of B. T. Bazaraliev)

Базаралиева Б.Т.

Маратова Ж.А.